

15.02.2021ж

“Бала бол, басқа бол- бәріне заң
біреу-ақ”

Сіздерге бүгінгі сабақта көтеріңкі
көңіл-күй мен сәттілік тілейміз!

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете біледі, өз беттерімен салыстыра біледі, өмірде қолдана білуге үйренеді жасөспірімдер қажетті заңдылық біліммен сауаттанады. Адамгершілік, адалдық, әділдік пен мейірімділікке баулу арқылы саяси саналы мен таным белсенділігін арттырады. Еліміздің Ата заңын құрметтейді, сыйлайды.

Қанатты сөздер

- «Құқығыңды сақтап үйрен, бірақ басқалардың құқығы бар екенін ұмытпа».
- «Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды»
- «Заң біткен жерде зұлымдық басталады».

Кіріспе

“Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің” деген аталы сөзді атамыз бекер айтпаған. Әр адам мемлекеттік заңдарды құрметтеп, ата-бабамыздың тәжіребесін үнемі назарда ұстап отыруы тиіс. Халқымыз 13 жастағы баланы” отау иесі” деп атады. Ал қазіргі ҚР Ата заңы бойынша, қылмыс жасаған баланы 14 жастан, ал 16 жастан бастап толық әкімшілік жауапқа тартады. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Заңның мықтылығы - атында емес, адалдығы мен әділдігінде. Заңның ең басты мақсаттарының бірі - қоғамдаы алуан мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы.

Құқықтық тәрбие дегеніміз?

Балалар құқығының заңдары.

Ой- талқы :

- Бала деп кімді айтамыз?
- Баланың қандай құқығы бар?

Бала мен ата -ананың құқықтары мен
міндеттері белгіленген
заңдар – осы құжаттар
бойынша баланың
мынадай құқықтары бар:

Қылмыс неден туындайды?

- Біреудің мүлкін пайда көріп алудан
- жұмыссыздықтан
- Ішімдікке салынғандықтан
- Төбелеске жақын адамнан
- Анаша шеккен адамдардан қылмыс
- Әлеуметтік жағдайдың төмендігінен
- Ата анасының тілін алмағаннан,
тәртіпсіздік

Кезекті тренингке берейік.

Қимыл қозғалыс арқылы
жауап беру.

“Қызыл, сары, көк ауыл. Жер енді ғана жаратылғанда адамдар бір-бірімен дос, бауыр болыпты, бір-бірінен еш нәрсе аямапты. Бір күні аспаннан әр түрлі ленталар түсіпті де адамдар үлгергенінше бірі көгін, бірі қызылын, бірі сарысын алыпты. Күндердің күнінде қатты жел тұрыпты да қызыл лента алғандар қызыл, көк лента алғандар көк болып бөлініпті. Әр ауыл бөлек-бөлек қорған тұрғызыпты Біраз уақыттан соң адамдар достықты ұмытады. Көк ауылда су бар азық жоқ, қызыл ауылда азық бар су жоқ, сары ауылда азық та, су да бар, от жоқ. Енді қалай өмір сүруге болады, не істейсіздер?

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп
атамыз қазақ айтқандай, әрбір
азаматтың міндеті - заң талаптарын
бұзбау, екінші жағынан өзіне
жүктелген міндетін орындау,
өзгелердің құқықтары мен
бостандықтарын құрметтеуіміз
абзал.